



**6D110100 – Медицина мамандығы бойынша Философия докторы
(PhD) дәрежесін алу үшін А.А.Тутаеваның «Тua пайда болған даму
ақаулары бар шала туылған балалардың неврологиялық және
соматикалық ерекшеліктері» атты диссертациялық жұмысына
РЕЦЕНЗИЯ**

1. Тақырыптың өзектілігі және оның жалпы мемлекеттік бағдарламалармен байланысы

Соңғы жылдағы перинатологиядағы жетістіктер шала туылған нәрестелердің өмір сүру қабілетін жоғарлатуымен қатар, олардың арасында мүгедектік бұзылыстарға ықпал жасап отыр. Шала туылған балалар арасында неврологиялық бұзылыстар, бронхөкпелік дисплазия, керенждік, ретинопатия, және мүгедектік қаупінг жиілігі жоғарлағаны туралы Deanne Wilson-Costello et al. зерттеуінде көрсетілген.

Шала туылған балалар арасында тау пайда болған ақаулары бар балалар айрықша көніл бөлуді талап етеді. Өйткені осы топтағы балаларда әр-түрлі неврологиялық және соматикалық асқынулар жиі кездеседі.

Тау пайда болған даму ақаулары бар шала туылған балаларға күтім жасау, ерте оперативті араласулар және сауықтыру шараларын жүргізу соңғы жылдары ерекше өзекті мәселе болып отыр. Бұл жағдай ерте неонатальді өлім жітімді төмендетуге бағытталған жаңа медициналық технологиялардың белсенді түрде қолдануға байланысты.

Тау пайда болған даму ақауы бар шала туылған балалардың жалпы жағдайының ауырлығына байланысты, соматикалық және неврологиялық бұзылыстарды аурухана жағдайында бағалау қыынға соғады. Неврологиялық және соматикалық асқынуларды дер кезінде қалпына келтіруге көніл бөлудегі талап етеді. Соңдықтан неонатальді педиатрияның негізгі сұрақтарының бірі, шала туылған балаларда зақымданудың айқын клиникалық белгілердің болжамын бағалап, олардың нәтижеге әсерін анықтау болып табылады.

Сонымен педиатрия және неонатология саласында зерттелетін проблеманың өзектілігі шала туылған балалардың жиіліуіне және олардың арасында тау біткен ақаулардың кездесуіне байланысты, сонымен қатар неврологиялық, соматикалық бұзылыстардың дамуына және нақты диагностикалық критерийлерінің жоқтығына байланысты.

Осы айтылғанның барлығы тау біткен ақаулары бар шала туылған балалардың неврологиялығы және соматикалығы бұзылыстардың диагностикасын жетілдіру және ем жүргізу тактикасын оптимизациялау қажеттілігін анықтайды.



Жоғарыда көрсетілгеннің барлығы диссертациялық жұмыстың тақырыбының өзектілігін дәлелдейді.

Бұл диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрлігінің Ғылым комитетінің гранттық қаржыландыру бағдарламасы аясында 02.03. 2012 жылғы №820, 04.02.2013 жылғы №46 және 04.02.2014 жылғы №352 келісім шарты бойынша, «Орталық нерв жүйесінің туа пайда болатын даму ақауларын ерте анықтаудың және хирургиялық емдеудің жолдарын жетілдіру» атты тақырыпта өткізілді. ҚР FTA Ұлттық орталығында № 0112 РК 00155 тіркелді.

2. Диссертацияларға қойылатын талаптар бойынша ғылыми нәтижелер

А.А. Тутаеваның диссертациялық жұмысының мақсаты - туа пайда болған даму ақаулары бар шала туылған балаларды аурухана жағдайында кешенді тексеру арқылы емдеудің нәтижесіне әсер ететін неврологиялық және соматикалық ерекшеліктерді анықтау.

Диссертациялық жұмыс дәстүрлі қалыпта жазылған, 85 беттен тұрады.

Диссертациялық жұмыстың құрамына кіріспе, әдебиеттік шолу, зерттеу материалдары мен әдістерін суреттейтін тарау, өзіндік зерттеудің екі тарауы, нәтижелерді талқылау, қорытынды, тұжырым, тәжірибелік ұсыныстар және 187 әдебиеттен тұратын қолданылған әдебиеттің тізімі кіреді.

Кіріспеде проблеманың өзектілігі негізделген, мақсаты мен міндеттері нақты қойылған, жұмыстың ғылыми жаңалықтары мен тәжірибелік құндылығы, қорғауға шығарылатын негізгі тұжырымдар анық көрсетілген.

Әдебиеттік шолуда туа пайда болған даму ақаулары бар шала туылған балалардың эпидемиологиясы, жүкті ана организмі мен дамып келе жатқан ұрыққа әсер ететін қауіпті факторлар, туа пайда болған даму ақаулары бар шала туылған нәрестелердегі маңызды патологиялық жағдайлар мен кеш перинатальді асқынуларды болжау туралы мәліметтер және шала туылу мен туа пайда болған даму ақауларынан болатын нәрестелер өлімінің қазіргі тандағы жағдайы көрсетілген.

Көлемді және дәлелді клиникалық материалдар негізінде туа пайда болған даму ақаулары бар шала туылған балалардың клиникалық ағымының ерекшеліктерінің, неврологиялық және соматикалық асқынулардың ағымы мен болжам нәтижесіне әсері анықталды.



Диссидентпен науқас балалардың клиникалық сипаттамасын зерттеу бойынша жеткілікті зерттеу көлемі жүргізілді – 2011-2015 жылдар аралығында емделген тағайынданған даму ақаулары бар 104 шала туылған балалар бақыланған.

Сонымен, клиникалық материалды жинауда әдістемелік көзқарас сақталған.

Диссертация зерттеушінің өзімен жазылған. Диссертацияда жұмыстың тәжірибелік құндылығы көрсетілген, соның арасында жаңа туылған нәрестелерде неврологиялық зерттеудің жаңа әдісі ұсынылып, тәжірибесін өндірілді. Шала туылған балаларды неврологиялық және педиатриялық қарауда шартсыз рефлекстің рөлі мен маңыздылығы анықталды.

Алғаш рет тәжірибелік денсаулық сақтау саласына неврологиялық және соматикалық асқынударды болжайтын жаңа әдіс ұсынылды және енгізілді. Нәресте жағдайының ауырлығы, анасының жүктілік ағымын сипаттайтын қауіпті әсерлер және клиникалық мәліметтер сияқты айқын болжамды белгілер, емдеудің соңғы нәтижелерінің сәтсіздігіне алып келетін топтарды анықтауға мүмкіндік береді. Жалпы А.А. Тутаеваның ғылыми зерттеу жұмысының нәтижелерінде ғылыми тәжірибелік құндылық бар деп есептеуге болады.

3. Әр нәтиженің, тұжырымның және қорытындының негізділік және сенімділік дәрежесі

Диссертациядағы құрастырылған ғылыми тұжырымдар және ұсыныстардың дәлелденуі:

1. Тағайынданған даму ақаулары бар шала туылған балалардың проблемасын зерттеген еліміздің және шетел ғалымдардың жұмыстарына талдауы
2. Осы проблема бойынша 187 әдебиеттен тұратын қолданылған библиография
3. Диссертацияданың зерттеу нәтижелері 19 ғылыми жұмыста жарияланды, оның ішінде 6 КР БФМ –нің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, 1 КР өнертабыс патентін беру жөніндегі қорытынды берілді, Scopus базасына енген «Biomedical and Pharmacology Journal» SJR_0,14 журналында 1 мақала басылып шықты.
4. Зерттеу нәтижелері халықаралық конференцияларда талқыланған.
5. Зерттеу нәтижелері статистикалық әдістермен дәлелденген
6. Зерттеудің нәтижелерінің негізділігі клиникалық зерттеу әдісімен дәлелденген. Диссертациялық жұмыс тағайынданған даму ақаулары бар 104 шала туылған балалардың қарауда нәтижесінде жүргізілді.



4. Әр ғылыми нәтиженің және тұжырымының жаңалық дәрежесі

Көлемді және дәлелді клиникалық материалдар негізінде туа пайда болған даму ақаулары бар шала туылған балалардың клиникалық ағымының ерекшеліктерінің, неврологиялық және соматикалық асқынулардың ауру ағымы мен болжам нәтижесіне әсері анықталды.

Зерттеу нәтижесінде автор жаңа тұжырымдар құрастырган:

1. Туа пайда болған даму ақаулары бар шала туылған балалардың негізгі тобын 2001-2500 г (51,9%) болатын және гестациялық мерзімі 33-36 апталық – (59,6%) нәрестелер құрады, олардың ішінде жүрек қантамыр жүйесінің даму ақаулары басым болды (35,6%). Сирек жағдайда асқазан – ішек жолдарының (24%), қосарланған және көптеген даму ақаулары (16,3%) және орталық нерв жүйесінің даму ақаулары (12,5%) кездесті. Жатырішлік даму кезінде орын алған қолайсыз жағдайларға: ұрықта гипоксияның дамуына алып келетін жүктілік патологиялары (78,8%), аналарда кездесетін әр түрлі соматикалық аурулар (90,4%), инфекциялық аурулар (85,6%), урогенитальды инфекциялар (64,4%), интранатальды патологиялар (65,4%) жатқызылды.

2. Аурухана жағдайында туа пайда болған даму ақаулары бар шала туылған балаларды емдеу барысында аурудың жағдайына әсер ететіндері: клиникалық көріністерінің ерекшеліктері, аурудың өту барысы, негізгі патологиялық үрдіс, церебральді зақымданулардың (33,7%) қосарланып көрінуі және зақымданған ағзалар мен жүйелердің саны (60% үш және одан да көп ақаулар).

3. Туа пайда болған даму ақаулары бар шала туылған балаларды емдеу нәтижесі мен болжамы, даму ақауының сипатына, нәрестелер жағдайының ауырлығына (өкпеге жасанды желдендіру – 63,5%, гемодинамикалық бұзылыстар – 30,8%), жүктілік ағымын сипаттайтын клиникалық көрсеткіштерге (80,8%) және орталық нерв жүйесінің терең тежелуіне (56,7%) байланысты болады.

4. Туа пайда болған даму ақаулары бар шала туылған балаларда жиі кездесетін арнайы соматикалық және неврологиялық патологиялар (сепсис – 15,4%, некротикалық энтероколит – 16,3%, бронхөкпелік дисплазия – 11,5%, қарыншаішлік қанқұйылу – 21,2% және перивентрикулярлы лейкомалляцияның кистозды түрі – 12,5%) емдеудің қолайсыз нәтижесіне алып келеді.

5. Нәрестелерде анықталатын табанның 2-5 саусақтарының бүгілуімен жауап беретін шартсыз рефлексті зерттеу тәсілі басқа әдістермен салыстырыланда артықшылықтарға ие. Бұл рефлекс – патологияларға жоғары сезімтал және дені сау нәрестелерге тән, бір айға дейінгі шала туылған балаларда спинальді шокты анықтайтын сенімді индикатор болып табылады.



Туа пайда болған даму ақаулары бар шала туылған балаларды тексеру кезінде қолданатын тиімді әдіс ұсынылды. Ауқымды рефлексогенді аймақты тітіркендіруге байланысты шақырылатын, қалыпты жағдайда және перинатальді патологиялары бар нәрестелерде түрақты түрде анықталатын бүгілу рефлексі анықталды (КР өнертабыс патентін беру жөніндегі қорытынды берілд).

5. Диссертацияда құрастырылған нәтижелердің ішкі бірлігін және бағытын бағалау

Зерттеушінің алынған нәтижелері ішкі бірлестікпен сипатталады және зерттеудің алдына қойылған мақсатын және міндеттерін шешуге бағытталған. Тұжырымдар және тәжірибелі ұсыныстар алынған соңғы бөлімде зерттеу нәтижелерін қорытындылайды.

6. Зерттеушімен алынған нәтижелердің өзекті мәселені, теоретикалық және қолданбалы мәселені шешуге бағытталуы

Зерттеушімен алынған нәтижелер туа біткен ақаулары бар шала туылған балалардың неврологиялық және соматикалық асқынуларды ерте диагностикалау және болжай деген күрделі және өзекті мәселені шешуге бағытталған.

Осы проблеманы шешуге автордың ұсыныстары:

- Туа пайда болған даму ақаулары бар шала туылған балаларды неврологиялық және соматикалық тексеруді кешенді түрде өткізу үшін ұсынылған шартсыз рефлексті анықтау әдісін қолдану қажет.

- Туа пайда болған даму ақаулары бар шала туылған балаларды емдеудің жедел кезеңінде полиағзалы жетіспеушілік, ОНЖ ауыр тежелуі секілді патологиялық жағдайлар анықталса және сепсис, бронхокепелік, некротикалық энтероколит, церебральді закымданулар сияқты патологиялар қосарланып көрініс берсе науқастар ұзак уақыт соматикалық және неврологиялық бақылауды қажет етеді.

- Неврологиялық және соматикалық ерекшеліктерді анықтау үшін туа пайда болған даму ақаулары бар шала туылған балаларда нәресте жағдайының ауырлығы, қауіптілік әсерлер және жүктілік ағымын сипаттайтын клиникалық көрсеткіштер бағалануы тиіс.

Жұмыстың нәтижелері Түркістан қалалық балалар аурұханасының шала туылған балалар бөлімшесінің, Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ - түрік университеті клиникасының неврология бөлімшесінің емдеу жұмыстарына енгізілді. Диссертацияның негізгі мәліметтері Қ.А.Ясауи атындағы



Халықаралық қазақ-түрік университетінде неврология, балалар хирургиясы пәндері бойынша дәрістерде қолданылады. Денсаулық сақтау мекемелеріне 2 енгізу актісі және оку үрдісіне 1 енгізу актісі алғынған.

Жұмыстың тәжірибелік құндылығын автормен алғынған патент дәлелдейді.

7. Диссертацияның негізгі тұжырымдарын, нәтижелерін, қорытындысы жариялануының дәлелденуі

Диссертация тақырыбы бойынша 19 ғылыми жұмыс жарияланды, оның ішінде 6 КР БФМ –нің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, 1 КР өнертабыс патентін беру жөніндегі қорытынды берілді, Scopus базасына енген «Biomedical and Pharmacology Journal» SJR_0,14 журналында 1 мақала басылып шықты. Халықаралық конференция материалдарында 10 ғылыми жұмыс жарияланған, оның 3 шет елдік. Жарияланымдарда тұрақты болған даму ақаулары бар шала туылған балалардың эпидемиологиясы, клиникалық көріністерінің ерекшеліктері, текстерү іс-шараларын жетілдіру, неврологиялық және соматикалық ерекшеліктері жайлы сұрақтар қамтылды.

Диссертацияның материалдары 10 ғылыми-тәжірибелік конференцияларда баяндалып, талқыланып, оның 3 шет елдік.

8. Диссертацияның мазмұны және өндөлуі бойынша кемшіліктер:

Диссертациялық жұмыс диссертацияларға қойылатын талаптарға сай жазылған. Бірақ сонымен қатар кемшіліктер және ұсыныстар бар:

1. Әдебиеттік шолуда автор 30%- да ескі мәліметтерге сүйенген (1963-1998ж.ж.). Соңғы 10 жылдағы жаңа зерттеулермен толықтыруды ұсынамын.
2. Патенттегі формула бойынша бұл шартсыз рефлекс бірінші айлық балалардың неврологиялық денсаулығының көрсеткіші болып табылады, яғни бұл рефлекстің шала туылған балаларға қолданылуы туралы айттылмаған. Сондықтан сіздің ұсынып отырған рефлексіңізге тәжірибе жүзінде шала туылған балалардан жауап алу күмән келтіреді.
3. 3 - кесте шала туылған балалардың салмағы МКБ-10 бойынша дұрыс жіктелмеген.
4. Зерттеу материалдары мен әдістер бөлімінде нақты статистикалық әдістермен толықтыруды ұсынамын.
5. Диссертацияда көрсетілген неврологиялық және соматикалық асқынулар лабораторды және инструментальды мәліметтермен толықтырғанда бұл жұмыстың құндылығы жоғарлайтыны сөзсіз.
6. Диссертацияда көптеген стилистикалық қателер көп, кейбір қазақшаға аударған терминдер дұрыс емес.



Сұрақтар:

1. Ұсынған шартсыз рефлекс шала туылған нәрестелерде тәжірибе жүзінде қолданысқа қалай ие болды? Тұжырымда Сіз шала туылған балаларды спинальді шокты анықтау үшін қолданылады дегенсіз, ал патенттің формуласында ересектер үшін қолданылады деп көрсетілген. Оны қалай түсіндіре аласыз?
2. 18 балада үдемелі гидроцефалия анықталды дегенсіз. Қандай әдістермен дәлелденген, және динамикада қандай зерттеулермен нақтыланған?
3. 43 бетте орталық жүйке жүйесі тағайындалғанда болған даму ақаулары бар балалардың аналарында уреаплазма, герпестік және цитомегаловирустық инфекциялардың қоздырығыштары анықталды дегенсіз. Қандай әдіспен инфекциялар анықталған және осы аналардың балалары сол инфекцияларға зерттелді ма?
4. Орталық нерв жүйесінің терең тежелуін қандай әдістермен нақтыладыныз?

9. «Ғылыми дәрежелер және ғылыми атауларға ие болу Ережелері» диссертацияларға қойылатын талаптарға сәйкестілігі

6D110100 – Медицина мамандығы бойынша Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін А.А.Тутаеваның «Тұа пайда болған даму ақаулары бар шала туылған балалардың неврологиялық және соматикалық ерекшеліктері» атты диссертациялық жұмысы аяқталған ғылыми еңбек деп есептеуге болады. Ол тұа пайда болған даму ақаулары бар шала туылған балалардың неврологиялық және соматикалық асқынудардың диагностикасы, болжамы және алдын алудың жақсартуға бағытталған педиатрияның приоритетті мәселесін шешуге үлесін қосады.

А.А. Тутаеваның диссертациясы КР БФМ –нің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған II тарау «Ғылыми дәрежелерді бекіту Ережелері ...» талаптарға сәйкес және Диссертациялық Кеңесте қорғауға ұсынылады.

**С.Ж. Асфендияров атындағы
ҚазҰМУ амбулорлы-емханалық
педиатрия кафедрасының менгерушісі**

М.Ф.Д.

Зәтеб
Н.С.Божбанбаева

Редакция: 1

Редакция
Амбулатория-емханалық педиатрия
КазНМУ-дың кеңесе менгерушісі
ПОДПИСЬ ЗАВЕРЯЮ
Зав. канцелярией
КазНМУ им. С.Д.Асфендиярова

7 беттің 7 беті